

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің 60 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары– 13: дәстүрлерді сақтай отырып, болашақты құру» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Республиканской научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 13: сохраняя традиции, создавая будущее», посвященная 60-летию Казахского агротехнического университета имени С.Сейфуллина. - 2017. - Т.1, Ч.5. - Б.110-113

ТОПОНИМДЕРДІҢ СӨЗЖАСАМДЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

*Ержан М. - қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі
№36 орта мектеп, Астана қ.*

Қазақ тіл білімінде сөзжасам жеке сала ретінде ХХ ғасырдың соңында қалыптасып, ғылыми-теориялық мәселелері мен ұстанымдары айқындалған болатын. Ол 1989 жылы шыққан «Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі» атты монографияда дәлелденген еді. Аталған монографияда алғаш рет тілдің сөзжасам жүйесі зерттейтін мәселелер – сөзжасамдық жүйе, сөзжасамдық бірліктер, сөзжасамдық заңдылықтар, сөзжасамның амал-тәсілдері, сөздердің жасалу жолдары, сөзжасамдық үлгілер және басқа да сөзжасамға қатысты тілдік құбылыстар алғаш рет ғылыми тұрғыда сараланып, айқындалды. Содан бері қазақ тілінің сөзжасамдық жүйесінің табиғатын тануға арналған ғылыми еңбектердің саны артып, сөзжасамдық құбылыстар жан-жақты зерттелуде және әлі де зерттеу нысаны болуда [1,80].

Сөзжасам – тіл білімінің жаңа мағыналы туынды сөздердің қалыптасуы мен мағыналық дамуын, жасалу тәсілдерін зерттейтін саласы. Зат не құбылыс туралы ұғым тілде таңбаланып, сөзжасамдық процесс негізінде атау ретінде танылады.

«Тілдің сөзжасамдық заңдылықтары, әдіс-тәсілдері көне замандардан бері қолданылып, дамып, іріктеліп, түрлі өзгерістерді басынан өткізіп, қазіргі қалыпқа түсіп, әбден қалыптасқан. Тілде жана сөз кездейсоқ, қалай болса солай жасала бермейді. Ол тілде қалыптасқан заңдылықтар арқылы жүзеге асады» – дейді белгілі ғалым, қазақ тілі сөзжасамының ғылыми-теориялық негізін қалаушы, профессор Н. Оралбай және сөзжасамның табиғатын зерттеген ғалымдар – К. Құрманәлиев, Ж. Балтабаева [2, 45].

Топонимдердің семантика-фонетикалық тәсіл арқылы жасалуы – кей дыбыстардың сәйкесуі нәтижесінде жаңа сөз жасау мүмкіндігі;

Топонимдердің семантикалық сөзжасамдық тәсіл арқылы жасалуы – сөз тұлғасы өзгермей-ақ, жаңа мағыналы туынды сөздің жасалуы;

Топонимдердің семантика-синтетикалық сөзжасамдық тәсіл арқылы жасалуы – негізге сөз тудырушы жұрнақтардың жалғануы арқылы екіншілік мағынаның туындауы;

Топонимдердің семантика-аналитикалық тәсіл арқылы жасалуы – негіздердің бірігуі, тіркесуі, қосарлануы арқылы ерекше мағыналы атау жасау қабілеті.

Тілімізде сөз мағынасын өзгертіп, жаңа сөз жасауға қатысатын жұрнақтар көптеп кездеседі. Алайда олардың барлығы топонимжасамға

қатыспайды. Мысалы, тілімізде кездесетін топонимдер: Арқарлы, Бақты, Бұғылы, Жарлы, Жосалы, Теректі, Алаботалы, Арықты, Аршалы, Соналы, Жезді, Шиелі, Талдысай, Шыбынды, Жыланды, Шідерті, Қабыршақты, Тасты т.б. лы/-лі, -ды/-ді, -ты/-ті сөз тудырушы жұрнағымен жасалған топонимдер қатарына жатады.

Сөзжасам жүйесінде жұрнақтардың түбір сөзге жалғанғанда көрінетін әрқайсысының өзіндік мағыналары бар. Тілдегі сөзжасамдық жұрнақтардың бір ерекшелігі – олар әр сөз табына телеулі. Аталған сөз тудырушы жұрнақ – көне жазба ескерткіштерінен бері қолданылып келе жатқан көне форма. Өзге түркі тілдеріндегі сияқты -лы, -лі, -ды, -ді, -ты, -ты форманты бірнеше мағына білдіреді.

1. Зат есімдерге жалғанып, заттың қосалқы сынын білдіру үшін қолданылады. Мысалы, жағалы киім, күмбезді үй, тымақты, тақиялы адам, түймелі жең, қойлы ауыл, т.б.

2. Адамның жеке бастық қасиетіне, мінез-құлық ерекшеліктеріне қарай, сындық дериват негізінде қолданылады. Мысалы, тәртіпті, тәрбиелі, сымбатты, көрікті, т.б.

3. Түрлі асыл тасты бұйымдарға, сәндік заттарға қатысты туынды сын атауларын білдіреді. Мысалы, күмісті, алтынды, шілтерлі, зерлі, өрнекті, жезді, т.б. 4. Ғылыми терминдерде, мысалы, хабарлы сөйлем, сұраулы сөйлем, жақты сөйлем, күрделі атау, шартты оралым, мақсатты оралым, тұрақты тіркес, ареалды лингвистика, дәстүрлі грамматика, болжалды келер шақ, дауысты дыбыстар, үйірлі мүшелер, нүктелі үтір, т.б. [3, 45].

-лы, -лі, -ды, -ді, -ты, -ті көпмағыналық сөзжасамдық жұрнағы жалпы сөздерге жалғануымен қатар жалқы есімдерге де жалғанып, бір заттың, бір нәрсенің көптігіне, молдығына тағы да басқа қасиеттеріне байланысты заттың атауын да білдіреді. Мысалы, Талды – өзен, елді мекен аты. Талдысай – ауыл.

Топонимжасамдық мағына тәсілмен жасалған туынды жер-су атаулары ерекше зерттеуді қажет етеді. Себебі, жаңа сөз жасайтын сөзжасамдық мағына тәсілінде сөздің дыбыстық құрамы өзгермейді, тек мағына ғана өзгертіндігі белгілі. Соңғы зерттеулерде оны «нөлдік морфемалы өзгеріс» деп те атайды [4, 56]. Лексика-семантикалық тәсіл арқылы жасалған сөздер бір сөз табынан екінші сөз табына ауысады (конверсия құбылысы), немесе бір сөз табының құрамында қалады. Мысалы, «найза» сөзін алар болсақ, көне қарудың атауы, Найза – таудың аты, Қарқаралының шығыс сілемдерінің бірі, сырт сипатына қарай қойылған атау.

Келесі топожасамдық бірліктер: -мыс, -инск, -лі, -ты, -ды, -кер, -ті, -ты сөзжасамдық жұрнақтар. Олар жеке қолданылмайды, тек туынды түбір сөздің құрамында ғана қолданылып, туынды сөз құрамындағы сөзжасамдық бірліктің лексикалық мағынасын өзгертіп, одан туынды түбір сөз – туынды түбір топоним жасап тұр. Осы топонимдердің құрамындағы топожасамдық бірліктердің әрқайсысы туынды сөз - топоним жасауда өзінше екі түрлі қызмет атқарған. 2-топтағы сөзжасамдық бірліктер яғни жұрнақтар топонимдердің – туынды сөздердің жаңа лексикалық мағынасын жасаған.

Яғни екінші топтағы сөзжасамдық бірліктер 1-топтағы сөзжасамдық бірліктердің лексикалық мағыналарын өзгертіп жаңа лексикалық мағыналы туынды сөздер жасаған. Ал 1-топтағы топожасамдық бірліктер яғни лексикалық мағыналы сөздер туынды сөздің – топонимнің лексикалық мағынасына негіз болған. Сондықтан олардың мағыналары байланысты: құра – Құрамыс, шахта – Шахтинск, ірге – Іргелі, шие – Шиелі, қамыс – Қамысты, құм – Құмды, үміт – Үміткер, шөп – Шөпті- көл, балық – Балықты. Бұдан тілдегі екі түрлі сөзжасамдық бірліктің екі түрлі қызмет атқаратыны анықталды. Бірақ 1-топтағы сөзжасамдық бірліктер топоним сөздерді жасауға фундамент, уәждеме болады да топожасаушы жұрнақтар «құрылыс материалдары» болады. Бірінші топтағы топожасамдық бірліктер – лексикалық мағыналы сөздер. Олар топожасамдық тәсілдердің барлық түріне қатысады.

Лексикалық бірліксіз ешбір туынды сөз жасалмайтындықтан, топонимдер де лексикалық бірліктерден жасалады. Күрделі топонимдерді сөзжасамдық құрамына қарай талдаған кезде түбір сөздердің 1-тобындағы лексикалық бірліктер сияқты лексикалық мағыналы сөздерден, яғни лексикалық бірліктерден жасалатынын көреміз. «Күрделі сөз ең кемі екі лексикалық бірліктен, кейде одан да көп сөзден жасалады. Ғылымда күрделі сөзді жасайтын сөзжасамдық бірліктер деп күрделі сөздің тірек сыңары саналады. Күрделі сөздің тірек сыңары – бірнеше туынды күрделі сөз жасайтын лексикалық мағыналы сөз. Күрделі сөз жасайтын тірек сыңар сөздің лексикалық мағынасы күрделі сөздің лексикалық мағынасына кіреді. Мысалы, аяқ киім, баскиім, сырт киім, ішкіім, Айжан, Бекжан, Ержан, Нұржан, қара нан, қара шай, қара өлең, майсауыт, майсөк, майшабақ, майсүзгісі сияқты күрделі сөздердің мағынасын салыстыру арқылы мағынаға тірек сыңардың қатысын анық көруге болады» дейді белгілі ғалым Н. Оралбай және т.б. [2, 16].

Тілімізде екі-үш сөзден тұратын күрделі атаулар өте көп. Олардың құрамы да әр түрлі. Кейбір топонимдер екі негіз сөзден жасалса, енді бір топонимдердің құрамында екі туынды түбір қатар келеді. Сондықтан, күрделі топонимдердің морфемдік құрамы топонимдердің тұлғасы мен мағынасын жасайтын уәждеме сөздер мен сөзжасамдық жұрнақтардан тұрады. Олардың құрамы, реті әр түрлі болғандықтан әрқайсысы жеке тілдік талдауды қажет етеді. Мысалы, Қалмаққырған, Тектұрмас, Шаңтимес, Екібастұз, Тұздыбастау, Үштөбе, Үшарал, Ақтөбе, Ақтау т.б.

Заттық ұғымға атау бергенде олардың сан қырлы қасиеттері, тіршілікке, табиғатқа икемделу жағдайлары еске алынады» дейді [5, 26]. Сонда топонимдердің астарына үңіліп, уәждік негізін айқындау керек. Сол арқылы атаудың қалыптасу түп негізін тауып, өзіндік ерекшеліктерін көрсету арқылы атаудың мәні мен мазмұнын ашамыз. Топонимжасамдық талдауда уәждеме сөз бен туынды сөздің морфемдік құрамына да көңіл бөлеміз. Негіз сөзден туынды түбірдің морфемдік құрамы күрделі болады. Ол топонимжасамдық талдауда сүйенерлік белгі болады. Мысалы, балық – Балықты, қамыс – Қамысты, ек-егін – егінді, түйе кет –Түйекеткен, т.б. осы

сияқты туындыларды талдағанда, негіз сөзден жасалған туындылардың бір морфемасы артық екені де басқа дәлелдермен бірге сүйенерлік белгі бола алады. Алайда бұл мағына тәсіл арқылы жасалған туындыларға белгі бола алмайды. Мұндай жағдайда топонимдердің мағынасына сүйену керек. Себебі топонимдердің морфемдік құрамында өзгеріс болмайды. Топонимдердің мағынасы әрқашанда екіншілік мағынаға жатады. Өйткені ол – атау мағынасын білдіреді. Мысалы, Ор – Мұғалжар тауынан бастау алатын өзен, түркі тілінде, қазақ тілінде шұңқыр мағынасын білдіреді. Ор топонимі өзеннің атына берілуі оның екіншілік мағынасын білдіреді. Жерімізде адам есімімен, адамның бойындағы қасиетіне байланысты қойылған елді мекен атаулары өте көп. Соның бірі – Тәуіп (селолық округ аты) – ол сол жерде ертеректе өмір сүрген Тәуіп атты әулие, емшінің атымен аталған.

Жалқы есімдерде энциклопедиялық ақпарат бар деп санайды. «Оны атауды (номинацияны) қолданушы тілдік ұжымның барлығына түсінікті нысан туралы білімдердің кешені» деп, сипаттайды [6, 25].

Ғалым Ю.А. Карпенко жалқы есімдердегі атаудың бес түрін көрсетеді: атаудың ұлт тіліне қатыстылығы, атаудың сөзжасамдық моделі, этимологиялық мазмұны, түбірі (негіз сөзі), атау жасау кезіндегі жағдаят [7, 58].

Қ. Рысбергген топонимдік атауларға байланысты ақпараттың алты түрлерін атайды:

1) мекенжайлық (адрестік) ақпарат – атаудың әлеуметтік қызметі деп санайды;

2) этномәдени ақпарат – этностың қоршаған ортаны игеруі барысындағы дүниетанымы, кәсібі, шаруашылығы, наным-сенімі, мәдениеті, т.б. жатқызған;

3) тілдік ақпарат – семантикалық және сөзжасамдық құрылым, фонетикалық сипаты, атауға негіз болған уәж түрін жатқызады. Оны өзгермейтін атаудың негізгі және тұрақты ақпараты деп таниды;

4) ғылыми ақпарат – ол географиялық нысанның геофизикалық, геоморфологиялық қасиеттеріне байланысты объективті ақпарат түрлерін жатқызған;

5) тарихи-деректік ақпарат – атаудың пайда болуына қатысты нақты тарихи дерек, оқиға;

6) лингвоәлеуметтік ақпарат – нақты бір атау туралы қоғамдағы, қазіргі кезеңдегі халық, әлеуметтік топтар арасындағы түрлі деректер, ассоциациялар, шартты түрде тарих болып үлгермеген немесе тарихилануға бейім ақпарат деп бөлген [2, 36-38]. Міне, топонимнің бойындағы осы ақпараттар топонимдік талдау жасауға негіз болады және топонимжасамдық талдау кешенді түрде жүргізіледі. Яғни, ең алдымен атаудың жасалуына қатысатын тілдік бірліктер, мағына желісі қарастырылады, содан кейін тарихи-деректер немесе лингвоәлеуметтік жағдай сипатталады. Атаудың мекенжайлылық, этномәдени, ғылыми ақпараттары топонимжасамдық талдауда қосымша ақпарат түрінде алынады.

Топонимдік сөзжасамның өзекті мәселесінің бірі – топонимдік сөзжасам тәсілдері мәселесі. Тіліміздегі топонимдер қалыптасқан сөзжасамдық тәсілдермен жасалған. Олар тілдегі туынды топонимдердің барлығының жасалуына катысып, үлкен қызмет атқарады.

Әдебиеттер тізімі

1. Бұғыбаева Ж. Б. Қазақ топонимдерінің сөзжасамы. – Алматы, 2015
2. Оралбай Н., Құрманәлиев К., Балтабаева Ж. Қазақ тілінің сөзжасамы. Алматы: Инжу-Маржан, 2014. – 290 б.
3. Қазақ грамматикасы. Сын есім сөзжасамы, – Астана, 2002. – 345 б.
4. Омарова А. Қазақ тіліндегі нөлдік морфема. – Алматы, 2004. –30 б.
5. Қасым Б. Қазіргі қазақ тілінің теориялық және қолданбалық аспектісі: ғылыми мақалалар. – Алматы: ЖК Волкова, 2010. – 371 б.
6. Суперанская А.В. Общая теория имени собственного. – М.: ЛИК, 2007. – 3-е изд., испр. М. : URSS; Либриком, 2009; 4-е изд., 2012.
7. Карпенко Ю.А. Топонимическая реконструкция географии и географическая реконструкция топонимии. // «XI Congres international des sciences onomastiques»: Resumes communications. – Sofia, 1972.